

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ**

Лекция тақырыбы:

Экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері

Мамандық аты, шифры: **5B051000 –Мемлекеттік және жергілікті басқару**
5B050700-Менеджмент, 5B050900-Қаржы
5B050800-Есеп және аудит, 5B050600-Экономика

Пән оқытушысы: Дандаева Б.М.


ТҮРКІСТАН 2017 ж.



Қарастырылатын сұрақтар



1. **Фискальды саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары.**
2. **Мемлекеттік бюджет экономиканы қаржылық реттеудің негізі.**
3. **Салық жүйесі мемлекеттің экономикалық саясатының әдісі ретінде.**
4. **Бюджеттің тапшылығы және мемлекеттік қарыз-экономиканы реттеудің құралдары.**




Лекцияның мақсаты мен міндеттері:

Бүгінде мемлекетпен елдегі қаржы жағдайын тұрақтандыру фискалдық саясат арқылы жүргізіледі. Ол мемлекеттік бюджетті жасақтауында маңызды тетігі және экономиканың макроэкономикалық тұрақтандыру табысы болып табылады. Сондықтан, бұл тақырыпты зерттеудің басты мақсаты тұрақты экономикалық дамуды, барлық өңірлердегі азаматтардың әл-ауқатының өсуін, аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мемлекетпен қаржыны реттеу әдістері мен құралдарын анықтау, салық жүйесін дұрыс ұйымдастыру және бюджет тапшылығын болдыртпау жолдарын анықтау болып табылады.


Фискалдық саясат
мемлекеттік бюджеттің
жасақтауында маңызды
тетігі және экономиканың
макроэкономикалық
тұрақтандыру табысы
болып табылады.

Фискалдық саясаттың
басты мақсаты тұрақты
экономикалық дамуды және
барлық өңірлердегі
азаматтардың әл-
ауқатының өсуін
айқындайтын, аймақ
экономикасының бәсекеге
қабілеттілігін арттыру
болып табылады.



Фискалдық саясаттың міндеттері:

1. бюджеттік жоспарлауды үйлестіру;
2. бюджеттік бағдарламалар жоспарлаудың сапасын жақсарту арқылы мемлекеттік шығындардың нәтижелілігін және тиімділігін арттыру;
3. әлеуметтік реформалар, білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы салаларын және қоғамдық инфрақұрылымды дамытуды және басқа да басымды сала қызметін қаржылай қамтамасыз ету;
4. экономикада салық жүктемесінің ұтымды теңгерімін белгілей отырып, көлеңкелі экономиканың үлесін азайту;
5. мемлекеттік қызметтерге барлық әкімшілік-аумақтық бірліктегі халықтың тең қол жеткізілімін қамтамасыз ете отырып, бюджетаралық қатынастардың ашықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;
6. бюджетті жоспарлау және атқару үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету;
7. мемлекеттік ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру үшін жеткілікті стимулдар құра отырып, көрсетілетін мемлекет қызметтердің сапасын арттыру.



Айталық,

*мемлекетпен
бюджет
шығысының
Басымдықтар*

ы айқындалған

әлеуметтік салаларды дамыту

шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту

агроөнеркәсіп кешенін дамыту

индустриялық-инновациялық даму


*тұрғын үй құрылысының дамуы, тұрғын
үй
бағдарламасын жетілдіру*

бюджет

мемлекеттің өз
міндеттері мен
функцияларын іске
асыруды қаржылық
қамтамасыз етуге
арналған
орталықтандырыл
ған ақша қоры



Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі




бюджет жүйесі

**бюджеттердің және
Қазақстан
Республикасы
Ұлттық қорының,
сондай-ақ бюджеттік
процестер мен
қатынастардың
жиынтығы.**



Бюджет құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) **кірістер** (салықтық түсімдер; салықтық емес түсімдер; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер; трансферттер түсімі)
- 2) **шығындар;**
- 3) **таза бюджеттік кредиттеу:** бюджеттік кредиттер; бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 4) **қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо:** қаржы активтерін сатып алу; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
- 5) **бюджет тапшылығы (профициті);**
- 6) **бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):** қарыздар түсімі; қарыздарды өтеу; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары.



Қазақстан Республикасы бюджет процесі*



Кешенді бақылау (сыртқы, ішкі, қаржылық)

Белгілеу:

→ - Жоспарлау;

→ - Атқарылуы

* Президент Заңға қол қойған күнінен бастап 10 күн ішінде қабылданатын бюджетті нақтыланған бюджет туралы Заңын іске асыру туралы ҚРҰҚ қоспағанда, бюджетті нақтыланған кезде бюджеттің ұқсас процесінің циклі қайталанатын.

Республикалық бюджетті өзiрлеу кезеңдерi

Қазақстан Республикасының 2012 – 2016 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бөлжамының жобасы (1 кезең)

✓ Қазақстан Республикасының 2012 – 2016 жылдарға арналған макро-экономикалық көрсеткіштердің бөлжамы, әлеуметтік өлшемдер бөлжамы, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері, басымдықтары, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштері;

✓ 2012 – 2014 жылдарға арналған бюджеттік өлшемдердің бөлжамы

«Әлеуметтік-экономикалық даму бөлжамы өзiрлеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1251 ҚРҰК

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2011 - 2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» 2010 жылғы 30 қарашадағы № 359-IV ҚРЗ

«Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдіс-тәсілін бекіту туралы» 2010 жылғы 2 ақпандағы № 54 ҚРҰК

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2011 – 2013 жылдарға арналған көпбөлімділігінен трансферт туралы» 2010 жылғы 30 қарашадағы № 358-IV ҚРЗ

2012 – 2014 жылдарға арналған бюджеттік өлшемдердің бөлжамы :

✓ салық-бюджет саясатының негізгі бағыттары;

✓ мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің бөлжамдары;

✓ республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың бөлжамдалатын көлемдері (ЭДСМ-ге 5 сәуiрге дейiн келiсiмге келiмей)

«Әлеуметтік-экономикалық даму бөлжамы өзiрлеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1251 ҚРҰК



ББӨ

Бюджеттік өтінімдерді және стратегиялық жоспарлардың жобаларын ұсынуы (15 маусымға дейін)

БК-нің 66 - бабы, «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» Қаржы мәңгінің 2010ж.19.05. № 233 бұйрығы

Бюджеттік өтінімдерді және стратегиялық жоспарлардың жобаларын қарастыру, ББК отырыстарын өткізу БК-нің 68 - бабы,

«Республикалық бюджет жобасын өзiрлеу ережесірін бекіту туралы» Президентінің 2009 ж.26.08. № 861 Жарлығы

ББӨ-дің бюджеттік өтінімдерді және стратегиялық жоспарлардың жобаларын РБК шешіміне сәйкес келтіру (29 шілдеге дейін)

БК-нің 68 - бабы, «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» Қаржы мәңгінің 2010 ж.19.05. № 233 бұйрығы

1 тамызға дейін қатынастыру, Үкіметке 15 тамызға дейін енгізу (БК-нің 71-бабы):

2012-2016 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бөлжамының жобасын (2 кезең) БК-нің 74 - бабы

«2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының жобасын БК-нің 71, 74, 77 - баптары

ҚРҰК, Президент Әкімшілігінің Басшысы және мемлекеттік органдар бұйрықтарының 2012-2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларының жобаларын БК-нің 74 - бабы

Парламентке 1 қарқуыекке дейін енгізу

Парламентке қарастыру

(бірқуыек-қарама, Парламенттің Мәжілісі мен Сенатының пленарлық отырысында 1 желтоқсаннан кейінкірмей қарау және қабылдау) БК-нің 74, 77-баптары

«2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» ҚРҰК-ын қабылдау (Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған күнінен бастап бір айта мерзімі ішінде) БК-нің 79-бабы

Келесі қаржы жылда Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы ҚРҰК-ы қабылданағаннан кейін, 5 күн мерзімі ішінде 2012 жылғы Республикалық бюджеттік бағдарламалардың (шағын бағдарламалар) қаржы жоспарын үкіметті мекемеге ұсыну 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 ҚРҰК 1-ші тарауы

2012-2016 жылдарға арналған орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын өзiрлеу (желтоқсан, Қазақстан Республикасының Президенті 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күнінен бастап бір айта мерзімі ішінде) БК-нің 62-бабы.

Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісiм жасау (бағамдалау жылдың 29 қаңтарына дейiн кейiнкірмей бiр қаржылық жылға арналған ББӨ мен тiмiн жергiлiктi атқарушы органның арасында) БК-нің 46-бабы.

ҚР Премьер-Министрі мен меморандум бірінші басшысының арасында меморандум жасау (бюджет болған жағдайда меморандум арасында сәткераралық келiсiмдi айрықш қаржылық жылдың бірінші тоқсаны) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» 2002 ж. 10.12. № 1300 ҚРҰК-ның 153-тармағы.

Салықтар

**бұл мемлекетпен
біржақты тәртіппен
заң жүзінде бекітілген
белгілі бір мөлшерде
алынатын
қайтарымсыз және
өтеусіз сипатта
бюджетке төленетін
міндетті ақшалай
төлемдер.**



Салық қызметінің міндеті



**бюджеттің табыс
бөлігінің
орындалуына
жауап беретін
бірден бір
мемлекеттік
орган.**




Қазақстан Республикасы салық жүйесінің қалыптасуы және даму кезеңдері

| Кезеңдер | Салық жүйесінің қалыптасуы және дамуы | Салықтық қатынастарды басқарудың стратегиясы және тактикасы | Орталықтандыру дәрежесі | Әлеуметтік-экономикалық нәтижесі |
|--|--|--|-------------------------|--|
| Бірінші кезең 1991-1994 жж. | Салық жүйесі жаратылды, экономикадағы және салық қатынастарындағы ретсіздік элементтері реттелді. | Ағымдағы және мерзімді мәселелер шешімін бағдарлау | Төмен | Ретсіздік элементтері мен қайшылықтар ескеріліп, салық салу жүйесі жаратылды |
| Екінші кезең 1995-1998 жж. | Макроэкономикалық тұрақтылық жолымен бюджеттің табыс бөлімін максималдауға жету | Қысқа- орта мерзімді мәселелерді шешу. Орта мерзімді мәселені бағдарлау | Орташа | Макроэкономикалық ынталандыру экономикалық дамудың негізі болып қалады. |
| Үшінші кезең 1999-2001 жж. | Салықтық реттеу ұйымдарының жаңа принциптеріне өту арқылы экономикалық дамуға жету. | Орта мерзімді мәселелерді шешу | Жоғары | Экономикалық даму басталды. |
| Төртінші кезең 2002 жылдан басталад | Әлеуметтік-экономика-лық бағдарламаларды қаржыландыруды кеңейтіруінің мақсатымен бюджеттің табысын | Орта және ұзақ мерзімді мәселелерді шешу. Әсіресе, стратегиялық мәселелерді шешуді бағдарлау | Жоғары | Мемлекеттің және салық төлеушілердің мүдделерін теңестіру, тұрақтылық |

Мемлекет салық бюджет саясатын жүзеге асыра отырып:

- мемлекеттік бюджетті толықтырады;
Осы бюджетке түскен салық түсімдеріне бақылау жасайды.
- бюджетке түскен салық және салықтық емес түсімдерге қайта бөлу жасалады;
- мемлекет әділетті түрде өз шығындарын да жаба отырып, елдің әлеуметтік топтарына да қолдау көрсетіп, басқа да шығыстарды жабады;
- мемлекет салық жинау арқылы экономиканың әр түрлі саласына әсерін тигізеді, әлеуметтік саясатты жүзеге асырады .



Салық қызметтері

қарызгерлік

Салықтар мемлекетті қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етеді

реттеуші

Салықтарды төмендету немесе көтергенде нақты экономика саласының дамуын ынталандырады немесе тоқтатады

қайта таратылған

Бюджетте жиналған салықтар қоғамға қажетті бағдарламаларды қаржыландыруға жіберіледі



DATALIFE ENGINE

SOFTNEWS MEDIA GROUP



**Салық
реттеу
функциясы**

**Салық
түрлері**

**Салық
преференциялар
ы**

**Салық
санкциясы**

**Салық
мөлшерлемесі**

**Салық салу
әдістері**

Салық салу қағидалары

Салық салудың міндеттілігі қағидасы

Салық салудың айқындығы қағидасы

Салық салудың әділдігі қағидасы


Салық жүйесінің біртұтастығы қағидасы

Салық заңдарының жариялылығы қағидасы




Бюджет тапшылығы және оны қаржыландыру

Бюджет тапшылығы




Бюджет шығыстары




Бюджет кірістері

Қаржыландыру



Ақшалай қаржыландыру



Қарыз алу арқылы қаржыландыру



Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар

1-деңгейдің сұрақтары

1. Мемлекеттік бюджеттің мәнін түсіндіріңіз.
2. Фискалдық саясатты анықтаңыз.
3. Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттің құрылым бөлімдерін анықтаңыз.

2-деңгейдің сұрақтары

1. Бюджет тапшылығы қандай себептерге байланысты болатынын анықтаңыз.
2. Мемлекетпен салық жүйесін реттеу қаншалықты маңызды екенін түсіндіріңіз.
3. Бюджет тапшылығын жабу көздерін атаңыз.

3-деңгейдің сұрақтары

1. Бюджет тапшылығын жабудың әдістерін талдаңыз.
2. Бүгінде мемлекетпен салық жүйесіндегі өзгерістерді өз бетінше талдау
3. Қаржы дағдарысын шешудің жолдарын қарастырыңыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Уткин Э.А. Кочеткова А.И. «Финансовое управление», М. 1996г.
2. Омирбаев С.М. Государственный бюджет. Алматы: Дауир, 2011.
3. Мырзалиев Б.С., Шеденов Ө.Қ., Дандаева Б.М., Ерманкулова Р.И. Мемлекеттік қаржылық басқару. Оқу құралы. Түркістан 2013ж.-320 бет.
4. Ильясов К.К., Саткалиева В. Государственный бюджет. Алматы: Республиканский издательский кабинет, 1994.
5. Ихданов Ж.О., Сансызбаева Г.Н., Саханова А.Н. Планово-финансовые механизмы государственного регулирования экономики. Алматы, Экономика, 1998